

Бұланды ауданы бойынша 2020 жылға арналған пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы

Ақмола облысы Бұланды ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 15 қарашадағы № А-11/323 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 18 қарашада № 7484 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексінің 18 бабы 1 тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9 бабының 7), 8), 9) тармақшаларына, 27 бабы 1 тармағының 2), 3), 4) тармақшаларына, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 412 "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13898 болып тіркелген) сәйкес, Бұланды ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес Бұланды ауданы бойынша 2020 жылға арналған пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

2. Осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес Бұланды ауданы бойынша 2020 жылға арналған бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

3. Осы қаулының 3 қосымшасына сәйкес Бұланды ауданы бойынша 2020 жылға арналған ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Бұланды ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Т.Ерсентов

Бұланды ауданы әкімдігінің
2019 жылғы "15" қарашадағы № А-11/323
қаулысына 1 - қосымша

Бұланды ауданы бойынша 2020 жылға арналған пробацция қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы

№	Ұйымның атауы	Қызметкерлердің тізімдік саны	Белгіленген квота мөлшері (%)
1	Бұланды ауданы әкімдігінің жанындағы "Макинск жылу" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	55	1,8
2	"Буландынский каменный карьер" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	65	1,5

Бұланды ауданы әкімдігінің
2019 жылғы "15" қарашадағы № А-11/323
қаулысына 2 - қосымша

Бұланды ауданы бойынша 2020 жылға арналған бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы

№	Ұйымның атауы	Қызметкерлердің тізімдік саны	Белгіленген квота мөлшері (%)
1	Бұланды ауданы әкімдігінің жанындағы "Макинск жылу" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	55	1,8
2	"Буландынский каменный карьер" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	65	1,5

Бұланды ауданы әкімдігінің
2019 жылғы "15" қарашадағы № А-11/323
қаулысына 3 - қосымша

Бұланды ауданы бойынша 2020 жылға арналған ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы

№	Ұйымның атауы	Қызметкерлердің тізімдік саны	Белгіленген квота мөлшері (%)

№	Ұйымның атауы	Қызметкерлердің тізімдік саны	Белгіленген квота мөлшері (%)
1	Бұланды ауданы әкімдігінің жанындағы "Макинск жылу" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	55	1,8
2	"Буландынский каменный карьер" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	65	1,5

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК